

Математика



Сабақтың тақырыбы:

**«Әртүрлі есептер
шығару»**



Мақсаты:


Өткен тақырыптар
бойынша алған білімін
қайталау және бекіту.

**Арайлап атқан таңға сәлем!
Жылуын шашқан күнге сәлем!
Жайнап өскен бізге сәлем!
Білім беріп тәрбиелеген,
Апайларға мың сәлем!**



Топтарға бөліну:


1-топ: «Үшбұрыш»




2-топ: «Тіктөртбұрыш»




3-топ: «Шаршы»



4-топ: «Дөңгелек»





«Кім жылдам?» ойыны.

$7*5$

$9*8$

$7*3$

$3*8$

$8*6$

$6*9$

$10*2$

$4*8$

$5*4$

$9*2$

$5*3$

$4*10$

$6*6$

$7*9$

$11*7$

1-тапсырма: Пішіндердің периметрін есептеп шығар.

1-топ: $a = 5 \text{ см}$, $b = 8 \text{ см}$

2-топ: $a = 4 \text{ см}$, $b = 7 \text{ см}$

3-топ: $a = 3 \text{ см}$, $b = 9 \text{ см}$

4-топ. $a = 2 \text{ см}$, $b = 5 \text{ см}$

5-топ. $a = 6 \text{ см}$, $b = 12 \text{ см}$



2-тапсырма : Есепті шығар.

1-топ: Бірінші жұмысшы күніне 15 бөлшек, екінші жұмысшы одан 5 бөлшек артық жасайды. Екуі бір уақытта жұмыс істесе, онда 7 жұмыс күнінде қанша бөлшек жасап шығарады?

2- топ: Екі жұмысшы 7 жұмыс күнінде 245 бөлшек жасап шығарды. Егер бірінші жұмысшы бір күнде 15 бөлшек жасайтын болса, екінші жұмысшы қандай өнңмділікпен жұмыс істеген?

3-топ: Айлақтан бір мезгілде екі теплоход кері бағытта жолға шықты. Бірі 40сағ/ км, екіншісі 30 сағ/ км жүзсе, олардың ара қашықтығы 2 сағаттан кейін қанша км болады?



4-топ: бір күнде туристер 100 км жол жүрді. 84 км жолды олар автобуспен, қалғанын жаяу төрт сағатта жүрген болса, бір сағатта қанша жол жүрді?

Сергіту сәті

Қостық біз, көбейттік біз,
Қатты шаршап кеттік біз.
Кәне, тұра қалайық,
Қимылдасын қол-аяқ,
Кірпікті де қағайық,
Терең демді алайық,
Орнымызға отырып,
Сабаққа назар салайық.



3- тапсырма: «Есіңде бар ма?» (геометриялық фигураларды есте сақтап, бояп салу)



4-тапсырма Кестені толтыр.

Көбейткіш	120	200		55	30	45	2	5
-----------	-----	-----	--	----	----	----	---	---

Көбейткіш	3	4	2			5		0
-----------	---	---	---	--	--	---	--	---

Көбейтіндінің мәні			300	110	180		800	
-----------------------	--	--	-----	-----	-----	--	-----	--


5-тапсырма. Теңдеулерді шеш.

1-топ: $(x+3)*5=725$

2-топ: $4\ 949:7+x=20678$

3-топ: $2*x+908=4\ 052$

4-топ: $5*v-1\ 209=1\ 256$



ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Логикалық есептер:

1. 3 қоянда қанша құлақ?
2. 2 тауықта неше аяқ, ал 2 қойда ше?
3. 20 саусақ көрінсе неше қол болғаны?
4. Қазда бар екі аяқ,
Тауықта бар екі аяқ.
Екеуін қосып санасақ,
Болады сонда неше аяқ?

**Үйге тапсырма беру.
Кері байланыс.**

